

Баяндама

COM/SCHA/REP/002/FINAL

Жетінші отырыс
Анкара, 2019 жылғы 16 мамыр

**ГЕНДЕРЛІК САУАЛДАР БОЙЫНША БҰҰ ТҰРАҚТЫ ДАМУ
МАҚСАТТАРЫ. ТҮРКІ ТІЛДЕС ЕЛДЕРДЕГІ ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ
ОТБАСЫЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ МӘДЕНИ БІРЕГЕЙЛІГІ
(заңнамадағы перспективалар)**

I. КІРІСПЕ

1. БҰҰДБ Стратегиялық жоспарындағыдай, тұрақты даму саласындағы (ТДС) бір мақсат гендерлік теңдікке арналған, сонымен қатар ол басқа ТДС-ға толассыз мәселе ретінде енгізілген: «Гендерлік теңдікті жүзеге асыру және әйелдер мен қыз балалардың құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту (ТДС-5) барлық ТДС пен мақсаттар бойынша прогреске шешуші үлес қосады. Әйелдер мен қыз балаларда сапалы білімге, экономикалық ресурстарға және саяси өмірге тең қолжетімділік, сонымен қатар жұмысқа орналасу, басшылық ету және барлық деңгейлерде шешім қабылдау мәселелерде ерлер мен ұл балалармен бірдей мүмкіндіктері болуы қажет».

2. Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, гендерлік қарым-қатынастар модельдері отбасының функционалдық тұрақтылығына айтарлықтай әсер етеді. Гендерлік теңдік деңгейі неғұрлым жоғары болса, отбасы мүшелері өздерінің үй, экономикалық, тәрбиелік, қорғаушылық және басқа маңызды функцияларды орындағанда жауапкершіліктері, тепе-теңдігі мен тиімділіктері соғұрлым жоғары болады.

3. Шетел елдерінің дамуын талдау әлемде отбасылық және гендерлік саясат саласында бірыңғай әмбебап модель жоқ екендігін көрсетеді. Әр ел, мемлекеттік басқарудың қалыптасқан жүйесін, ұлттық ерекшеліктер мен мәдениетті ескере отырып, өзінің жеке отбасылық және гендерлік саясатын қалыптастырады

4. Заманауи отбасының мәдени сәйкестігі (ТҮРКПА қатысушы елдердің өңірлік ерекшеліктерін қоса алғанда) - ол бір отбасы жаһандық мәнмәтінде белгілі бір қоғам мүшесі ретінде танылатын экономика, мәдениет, гендерлік әлеуметтану, жұмысбастылық, денсаулық сақтау, бихевиоризм, әлеуметтік-тарихи таптаурындар, балалар білімі, дін мен басқа параметрлердің жиынтығы. Түркі тілдес қоғамдар тарихи және геосаяси тұрғыдан Еуропа мен Азия арасында орналасқан, Рим империясы, арабтар, Ресей, Қытай, Иран ықпалында болған, сондықтан олардың мәдени сәйкестіктері көп ұлттық тарихи мұрамен қалыптастырылған болатын.

5. Осы баяндаманың мақсаты болып ТҮРКПА қатысушы елдердің заманауи отбасындағы гендерлік қарым-қатынастардың мәдени модельдерін бағалау табылады, олардың заң шығарушылықтың ұлттық жүйелерін және осы мәселелер бойынша ТҮРКПА қатысушы елдер арасында өңірлік басымдылықтарды әзірлеуді қоса алғанда.

I. ГЕНДЕРЛІК ТЕНДІК

5. ТҮРКПА қатысушы елдерінің мемлекеттік отбасылық саясаты (Әзірбайжан, Қазақстан, Қырғызстан, Түркия), кем дегенде қағаз жүзінде, негізгі қағидаттарды сақтайды: а) әр отбасының тұрақты экономикасы; б) ерлі-зайыптылар арасындағы серіктестікте үйлесімдікті ынталандыру және қолдау; в) отбасы денсаулығы; г) мәдени төлтумалық пен туған тілді сақтап қалу; д) балалардың денсаулығы мен білімі. Түркі әлемнің мәдени мұрасын сақтай отырып, жеке серіктестіктердің сәтті өзара әрекеттесуі және отбасыға арналған теңгерілген жұмысбастылығы үшін жағдайлар жасау маңызды.

6. ЭЫДҰ статистикасына сәйкес, ЭЫДҰ елдерінде отбасын қолдауға мемлекеттік шығындар отбасыларға арналған тура төлемдер (жәрдемақылар), көрсетілетін қаржылық қызметтер мен салық ауыртпалығын төмендету арқасында жүзеге асырылады. Әлеуметтік жаңғыртудан өткен елдердің тәжірибесі оның жүзеге асырылуы қоғам мен отбасында гендерлік теңдікке жетумен байланысты екендігін дәлелдейді.

7. Белгілі әлемдік тәжірибеде гендерлік теңдікке деген төрт тәсілдеме бар: 1) «Гендерлік интеграция» - әлеуметтік-экономикалық өмірдің қырларын, саяси, жеке, азаматтық қоғамды және т. б. қамтиды (Дания, Исландия, Норвегия, Швеция және Финляндия, яғни, скандинавиялық модель). Гендерлік теңдік қағидатын интеграциялару теңдікке деген белгілі көзқарастардың саясаттың барлық саласындағы бөлігіне айналуын білдіреді. Гендерлік теңдік билік пен ресурстардың әділ үлестірілуін, сонымен қатар ерлер мен әйелдер іс-әрекеттерін және қажеттіліктерін бірдей бағалауды қамтиды. Іс жүзінде бұл әйелдердің

құқықтары, жағдайлары мен әлеуметтік мәртебесі ерлер ие болатын құқықтар, жағдайлар мен әлеуметтік мәртебесімен салыстырылып қаралу қажет дегенді білдіреді. 2) «жыныстан тыс теңдіктер» - теңсіздік жыныс шегінен шығатынын және басқа санаттарды жұмылдыратынын түсінуге негізделген: теңгерімдерін қалпына келтіру қажет болатын жасы, әрекет қабілеттілігі, ұлты және т. б. (Ұлыбритания). 3) «одақтастық ынталар» моделі - «төменгі» талаптарға (әйелдер ұйымдары мен қоғамдастықтары), сонымен қатар «жоғарғыларға» - халықаралық мәртебелер, қаржы мен инвестицияларға жауап ретінде пайда болған жаңа модель. Бұл модель гендерлік теңдікке мемлекет пен азаматтық қоғам арасында әлеуметтік серіктестікке жетуді және осы процеске үкіметтік емес ұйымдардың кең тартылуының арқасында жетуді болжайды. 4) «Қиысу моделі» өздерінің саясатын әйелдерге қатысты оң іс-әрекеттер дәстүрлеріне (әйелдерге кез келген қолдау көрсету) негіздеген еуропалық елдер (Бельгия, Франция) үшін сипатты. Бұл модельге үш ел келеді - Франция, Бельгия және Испания. Бұл елдерде әйелдерге балалар білімі мен тәрбиелеу саласында көрсетілетін барлық қызметтер тегін. Еуропалық институттарға тоқтайтын болсақ, Бельгия әлеуметтік босату жөніндегі мемлекеттік хатшы қызметін екі мақсатпен енгізгенін көре алатын боламыз: ерлер мен әйелдер арасындағы тең мүмкіндіктерді қолдау, сонымен қатар осы мәселелер бойынша мемлекеттік кеңес беру. Мысалы, Францияда Ерлер мен әйелдер арасындағы теңдік мәселелері жөніндегі Жоғары кеңесі бар.

II. ТҮРКПА ҚАТЫСУШЫ ЕЛДЕРІНДЕГІ ЗАМАНАУИ ОТБАСЫНЫҢ МӘДЕНИ СӘЙКЕСТІГІ (гендерлік мәселелер бойынша қолданыстағы заңнама)

ӘЗІРБАЙЖАН

8. Соңғы 100 жылдың ішінде Әзірбайжан Республикасы әйелдер құқығын қорғауда айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізді. Бұл жетістіктерді сондай-ақ БҰҰ-ның тұрақты даму саласындағы Мақсаттары қамтыды.
9. 1918 жылы құрылған Әзірбайжан Демократиялық Республикасы өзінің азаматтарының гендерлік теңдігін қамтамасыз етті. Сөйтіп, бүкіл Шығыста Әзірбайжан әйелдерге дауыс беру және сайлану құқығын берген бірінші ел болды. Әзірбайжан әйелдері отбасы тұтастығын қорғауда ерекше рөл атқарады. Ана - ол отбасы ұйытқысы. Барлық адамдар осы дүниедегі өмірі үшін ананың алдында қарыздар. Әзірбайжан отбасыларындағы тілдік фактор. Әзірбайжан халқы - өзінің мәдениеті мен тілін құрметтейтін ұлт. Олар шет тілдерде білім

алатынына қарамастан (ағылшын, орыс және т.б.), елдің әрбір азаматы әзірбайжан тілін біледі және сөйлейді.

10. Әзірбайжанның отбасылық дәстүрлерінде берілгендік, бір-біріне деген махаббат, адалдық, үлкендерге және ата-анаға деген құрмет сияқты мол және көп қырлы сипаттары бар. Әзірбайжан халқында отбасының бірегей үлгісі бар, айтар болсақ, ата-ана мен балалар арасындағы қарым-қатынас, үлкенге деген құрмет сияқты негізгі ұлттық құндылықтар ерте заманнан бері осы күнге дейін сақталып келген.
11. Әзірбайжандық отбасы қоғамның ұлттық - мәдени және төл құндылықтары қалыптасатын негізгі көрсеткіш болып табылады. Тарихи тұрғыдан әзірбайжан отбасысы ұлттық дамуда адамдардың жоғары рухани құндылықтарының қорғаушысы, тектік қордың тасымалдаушысы ретінде маңызды рөл атқарды.
12. Бүгінгі күні әзірбайжан әйелдері өмірдің барлық салаларында, атап айтқанда: саясатта, экономикада, дипломатияда, әскери, мәдени, гуманитарлық және өндірістік салаларда көрінеді.
13. Реформалар. 2017 жылғы ақпанда Президент Ильхам Алиевтің шешімімен Мехрибан Алиеваны бірінші вице-президент етіп тағайындауы гендерлік теңдікті қоса алғанда, Әзірбайжан Республикасының барлық салаларындағы табысты реформалардың қисынды жалғасы болды.
14. 2012 жылы кәсіпкер әйелдердің саны 71 000 құрағанымен, 2018 жылдың 1 қаңтары жағдайы бойынша бұл сан 174 000 дейін өсті. Сөйтіп, елдегі әйелдер кәсіпкерлігінің үлесі 17,4 - 28%-ға ұлғайды. Және де бұл үлес өсуін жалғастыруда.
15. Егер 2004 жылы муниципалды секторға әйелдердің 4% сайланса, 2014 жылы олардың үлесі 35%-ға ұлғайды. Олардың 28% биліктің жергілікті муниципалды органдарының төрағасы болып табылады.
16. Әзірбайжан Республикасы Милли Меджлистің 20 депутаты- әйелдер, олар парламенттің 17% құрайды.
17. 2012 жылы жергілікті атқару билігінде 26 әйел болды, ал 2018 жылы 1 әйел атқару билігінің басшысы және 78 әйел - орынбасарлары болып тағайындалды.
18. Заңнама. Әзірбайжан Республикасы Конституциясының 25-бабы бойынша заң және сот алдында барлығы бірдей тең. Ерлер мен әйелдер бірдей құқықтар мен бостандықты иеленеді. Мемлекет әрбір адамға, оның нәсіліне, этностық қатыстылығына, дініне, тіліне, жынысына, шыққан тегіне, дәулет жағдайына, мамандығына, сеніміне немесе саяси партияларға, кәсіподақтық ұйымдарға немесе басқа қоғамдық бірлестіктерге қатыстылығына қарамастан, құқықтар мен бостандықтар теңдігін кепілдейді. Нәсілі, этностық қатыстылығы, діні, тілі,

шыққан тегі, сенімі немесе саяси партияларға не әлеуметтік қатыстылығы бойынша шектеулерге тыйым салынған.

- 19.2006 жылы Әзірбайжан Республикасының гендерлік теңдікті кепілдеу туралы Заңы қабылданды. Заң жыныс, гендерлік теңдік, тең мүмкіндіктер, жыныс белгісі және женсікқұмарлық дәмешілдік бойынша кемсіту деген ұғымдарды қамтиды.
- 20."Отбасылық фермерлік туралы", "Балалардың құқықтары туралы", "Мүгедек балалар үшін шектеулердің алдын алу, олардың денсаулығы, оңалту және әлеуметтік қорғау туралы", "Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтік қорғау туралы", "Жаңа туған нәрестелер мен жастардың тамағы туралы", "Балаларды емдеу орнына міндетті жатқызу туралы" заңдар, Біріккен Ұлттар Ұйымының трансұлттық ұйымдасқан қылмыстылыққа қарсы Конвенциясы, "Адамдарды, әсіресе әйелдер мен балаларды саудаға салудың алдын алу және түбірімен құрту туралы", "Мигранттардың құрлық, теңіз және әуе арқылы заңсыз кіруі жөніндегі хаттамаларды бекіту туралы", "Тұрмыстағы әйелдің азаматтығы туралы", "Әзірбайжан Республикасында адамның құқықтары мен бостандықтарын реттеу туралы", "Некесіз туылған балалардың құқықтық жағдайы туралы" заңдар қабылданды.
- 21.Әзірбайжан Республикасының Қылмыстық кодексінің 154-бабына сәйкес, нәсілі, ұлты, діні, тілі, жынысы, шыққан тегі, дәулет жағдайы, лауазымы, сенімі, саяси партияларға, кәсіподақтық ұйымдарға немесе басқа қоғамдық бірлестіктерге қатыстылығының негізінде жасалған қылмыстар, адамның құқықтары мен заңды мүдделері үшін залал келтірген, адамның теңдікке құқығын бұзушылықтар бір мыңнан екі мың манатқа дейін айыппұлмен немесе бір жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарымен жазаланады.
- 22.Әзірбайжан Республикасының Қылмыстық кодексінің 176-1 бабы бойынша әйелді некеге отыруға мәжбүрлеу екі мың манаттан үш мыңға дейінгі мөлшерде айыппұлмен жазаланады немесе екі жыл мерзімге дейін бас бостандығынан айыру жазасы беріледі. Некеге отыру үшін кәмелеттік жасқа жетпеген адамдарға қатысты жасалған осындай әрекеттер үш мыңнан төрт мың манатқа дейінгі мөлшерде айыппұлмен жазаланады немесе төрт жыл мерзімге дейін бас бостандығынан айыру арқылы жазаланады.
- 23.2010 жылы Әзірбайжан Республикасының "Отбасындағы зорлық-зомбылық туралы" Заңы қабылданды. Заңға сәйкес ұлттық заңнамада тұрмыстық зорлық, үй ішіндегі зорлық-зомбылықтың құрбандары, жергілікті жерлердегі дене зорлығы, жергілікті жерлердегі психикалық зорлық, отбасылық жерде заңсыз экономикалық шектеулерді қолдану, баспана беру, сексуалды зорлық кезінде

қауіпсіздікті қамтамасыз ету тәртібі сияқты жаңа тұжырымдамалар мен институттар құрылды. Қазіргі уақытта Бакуде, Гянджеде, Сумгаитте мемлекеттік бюджеттің қолдауымен жұмыс істеп отырған 10 баспана МЕҰ аккредиттелген.

24. Министрлер кабинетінің тұрмыстық зорлық-зомбылық туралы дерекқор ұйымдастыру және жүргізу жөніндегі ережелерінің 1-бабы 1.2-тармағына сәйкес Әзірбайжан Республикасының Отбасы, әйелдер мен балалар істері жөніндегі мемлекеттік комитеті дерекқор Банкін құрып, қызмет көрсетіп отыр. 1.3-тармаққа сәйкес мемлекеттік органдар мен тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына көмек беру орталықтары Комитетке тұрмыстық зорлық-зомбылық жағдайлары туралы ақпарат беріп отыруы тиіс. Осы мақсатта 2017 жылғы 4 қазанда Отбасы, әйелдер мен балалар істері жөніндегі мемлекеттік комитет және Біріккен Ұлттар Ұйымының тұрғын халық саласындағы Қоры отбасындағы зорлық-зомбылық туралы электронды деректер қорын ұсынды. 11 қазанда "Әзірбайжандағы гендерлік зорлық-зомбылықпен күрес" жобасының аясында үйдегі зорлық туралы электронды деректер қорын пайдалану бойынша тренинг өтті. Тренингке деректер қорын пайдалану үшін жауапты лауазымды тұлғалар қатысты (министрліктер, Баку, Сумгаит, Апшерон ауданындағы атқарушы биліктер, көмек көрсету орталықтары, Комитет қызметкерлері). 2018 жылғы 22 ақпанда Дашкесан, Агстафин, Товуз, Газах, Шамкир, Кедабек аудандарының өкілдері үшін үй ішіндегі зорлық-зомбылық туралы электронды дерекқорды пайдалану бойынша тренинг өткізілді. Деректер банкіндегі қосымшалар форумында зорлық-зомбылық құрбанының және отбасында зорлық жасаған адамның аты, тегі, жынысы, туған күні, азаматтығы, мекенжайы, жұмыс орны, кәсібі, білімі және отбасылық жағдайы сияқты жеке ақпарат болады. Сонымен қатар, деректер қорында үй ішіндегі зорлық, арыз беруші, зорлық түрі, қайталануы және тергеу нәтижелері туралы ақпарат орналастырылады. Біз сіздерге тағайындалған лауазымды тұлғалар үшін үй ішіндегі зорлық-зомбылық туралы электронды дерекқорды пайдалануға оқудан құқық қорғау органдары, заңгерлер, көмек көрсету орталықтары, сот әділдігі жүйесі, үкіметтік емес ұйымдар және басқа ұйымдар өткенін хабарлаймыз.

25. 1990-ы жылдары Әзірбайжан Отбасын нығайту, әйелдер мен балалар құқықтарын қорғау туралы халықаралық конвенцияларға қосылды және тиісті заңдар қабылдады. Бұдан басқа, мемлекет Халықаралық еңбек ұйымының (ХЕҰ) "Ер және әйел еңбекшілерге арналған тең қарым-қатынас пен тең мүмкіндіктер туралы: отбасылық міндеттері бар еңбекшілер" деп аталған №156 Кепілдемесіне, "Әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық түрлерін жою

туралы", "Балалардың құқықтарын қорғау туралы", "Бала асырап алу кезінде мемлекеттер арасындағы ынтымақтастық туралы", "Ауыл шаруашылығы қызметкерлері үшін ең кіші жас туралы", "Бала еңбегінің ең нашар түрлеріне тыйым салу және жою туралы" Біріккен Ұлттар Ұйымының Конвенциясына қосылды.

26. Әзірбайжан Республикасының Отбасылық кодексі сондай-ақ отбасын құру және нығайту стандарттарын, отбасы мүшелерінің құқықтары мен міндеттерін, осы саладағы мемлекеттік органдардың міндеттерін, сондай-ақ азаматтық хал актілерін және азаматтық құқықтарды мемлекеттік тіркеу ережелерін айқындайды.
27. 2011 жылдан бастап, гендерлік теңдік принциптерін сақтай отырып, Отбасылық кодекс қыз балалардың некеге тұруға арналған жас шегін 17 жастан 18 жасқа дейін ұлғайтты.
28. Әзірбайжан Республикасының 2014 жылғы 17 қазандағы №1080-IVQD «Әзірбайжан Республикасының Отбасылық кодексіне өзгерістер енгізу туралы» Заңына сәйкес 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап некеге тұруды қалаған тұлғаларды міндетті медициналық тексеру туралы талап күшіне енді. Некеге тұрғысы келген тұлғаларды медициналық тексеру олардың өтініші бойынша өздері тіркелген медициналық мекемелерде тегін жүргізіледі.
29. Институттар. Әзірбайжан Республикасының Отбасы, әйелдер мен балалар істері жөніндегі мемлекеттік комитеті Әзірбайжан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 6 ақпандағы жарлығымен құрылды және осы өкіммен Хиджран Гусейнова комитет төрағасы болып тағайындалды. Отбасы, әйелдер мен балалар істері жөніндегі мемлекеттік комитеті отбасылармен, әйелдермен және балалармен жұмыс саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырып отырған орталық атқарушы орган болып табылады. Әзірбайжан гендерлік ақпарат орталығы (ӘГАО) 2002 жылы "Ашық Қоғам" Қоры тарапынан мойындалды. ӘГАО бірнеше әйелдер ұйымдарынан тұрады, атап айтқанда: Заманауи әлеуметтік процестерді зерттеу орталығы, Шығармашылық әйелдер Одағы мен Әзірбайжанның ұйымдастырушылық және техникалық даму қауымдастығы, сондай-ақ Мингечевирдегі Шамс әйелдер және жастар орталығы және Худата жастар бағдарламаларын дамыту орталығы.
30. 2018 жылы Отбасы, әйелдер мен балалар істері жөніндегі мемлекеттік комитет Әйелдер ресурстарының Нефтечалан орталығында әйелдердің бизнес-инкубаторын құруға және экономикалық зорлық-зомбылыққа жол бермеуге арналған және үйдегі зорлық-зомбылықтың түрі ретінде экономикалық зорлық-зомбылыққа, өңірлерде әйелдер кездесетін мәселелерге жол бермеуге, олардың

қаржылық сауаттылығын жоғарлатуға, бизнес-жоспарларды құруға, қолданымдағы әйелдер бизнесін нығайтуға, сонымен қатар Шағын және орта кәсіпкерлік деңгейінде халық тұтынатын тауарларды өндіруге арналған Стратегиялық картаға қатысты Іс-әрекеттер жоспарының 4-бабын (әйелдердің бизнес-инкубаторларын құру үшін қабылданған іс-шаралар), 4.4.3-бабын (Әйелдер кәсіпкерлігін дамыту) жүзеге асыруға бағытталған іс-шара өткізді.

32. Мемлекетте жұмыс істеп тұрған 300-дей көптеген мемлекеттік емес ұйымдар гендерлік теңдік және әйелдердің құқықтарын, әсіресе қоғамдағы құқықтарын қорғау саласында жұмыс істейді.

ҚАЗАҚСТАН

33. Қазақстан 2018 жылдың қорытындысы бойынша Дүниежүзілік экономикалық форумның (бұдан әрі – ДЭФ) гендерлік алшақтық индексында Қазақстан 149 ел арасында 60-орынға ие болды. «Экономикалық қатысу және әйелдердің мүмкіндіктері» деген көрсеткіш бойынша – 32 орын, «білім деңгейі» бойынша – 30 орын, «денсаулық индексі» бойынша – 42 орын, «саяси ілгерілеу» бойынша – 94 орынға ие болды. Бүгінгі күні жоғары өкілдік органда – Парламентте 34 әйел бар, бұл депутаттардың жалпы санының 22 %-ын құрайды. Жергілікті өкілді органдардың (мәслихаттар) барлық деңгейінде әйелдердің үлесі депутаттардың жалпы санының 30% өкілдік шегіне жетіп отыр. Ел экономикасының корпоративтік секторының қаржы саласында әйелдердің басшы позициясындағы өкілдігі 30 %-дық шектен асқан.

34. Қазақ көшпенділер қоғамындағы әйелдердің тарихи жағдайы мен рөлі көбінесе көшпенді шаруашылықтың ерекшелігімен және әйелдердің өмірдегі орны туралы көшпенділік түсінікпен анықталған болатын. Қазақ халқының аңыздары мен ертегілері. Ұлы даланың әйел бейнесін алтын құрсақ ана да, жаужүрек Отан қорғаушы да, кеменгер мемлекет басшысы да бола алғаны ретінде сақтайды. Даланың табиғи қорғанысы жоқ, ол ашық. Далада тірі қалу үшін тұлғаға деген құрмет қажет, алайда, ең алдымен, әлеуметтік ұйым, ынтымақтастық пен командалық жұмыс қажет. Тығыз отбасылық байланыстар қазақ қоғамында бүгінгі күнге дейін мықты сақталған. Көшпенді қоғамда әйелдер ешқашан жасырылмаған және оңашаланбаған. Қазақ әйелдері кеңестер мен жиналыстарға, өлең айтуға, ойындар мен сайыстарға (айтыстарға) қатысқан. Барлық уақытта қазақ отбасында отағасы ер азамат болған. Ол қорғаушы мен асыраушы рөлдерін қатар атқарған. Әйел үй шаруашылығы мен балаларды тәрбиелеумен ғана шектелмей, өз жарының серігі, кеңесшісі болатын. Қазақ қоғамы моногамияны ұстанады. Тарихта көп әйел алушылық кездесіп тұратын, бірақ ол тек бай адамдардың қолынан ғана келетін. (Г. Меңдіқұлова және Е. Надежук, 2017 ж, «Білім: Отарлық Қазақстан, С. Йозеф (ред.) Әйелдер және ислам мәдениеттер энциклопедиясы).

35. Қазіргі кезеңде Қазақстанда отбасы институты өзгертіліп келеді. Ұлттық дәстүрлер, салттар мен жоралардың көптеген элементтері өзгертілген және жеңілдетілген болатын, ал кейбіреулері мүлде жоғалды. Түбегейлі өзгерістер, ғалымдар түсіндірулеріне сәйкес, қазақ отбасы мүшелерінің қарым-қатынастарында орын алып отыр. Нақты айтқанда, келіннің тәуелділік жағдайы, толық өзгертілді. Заманауи қазақ отбасында келіннің қайын атасы және әсіресе енесі (қайын ене) үй шаруашылығын жүргізуде, балаларды тәрбиелеуде жан-жақты көмек көрсетеді және осымен келіннің өзін-өзі танытуы мен жан-жақты өсіп дамуына қалыпты жағдай жасайды. Қазіргі заманғы қазақ отбасында ер мен әйелдің қарым-қатынасы, әдетте, өзара махаббатқа, сыйластыққа, көмекке және қолдауға негізделген. Некенің ең басты шарты - ол жастардың еріктігі, бір-біріне деген сезімдері мен мәселелерді өз беттерімен шешу. Қалың мал беру жоққа шығарылған. Дегенмен қалыңдықтың жасауын беру салты сақталып қалған. Алайда қазіргі кездегі қалыңдықтың жасауы өзінің міндеті мен құрамы бойынша айтарлықтай ерекшеленеді және қалыңдық отбасы тарапынан жас отбасы мүдделеріне материалды-экономикалық көмегі мен олардың бірлескен өмірлерінің негізі ретінде қызмет етеді.
36. Қазақстан, БҰҰ құжатының басқарушы қағидаттары «Қазақстан - 2050» Стратегиясында, «Бес институционалдық реформаны жүзеге асыруға арналған нақты 100 қадам» Ұлттық жоспарында, «Елбасының бес әлеуметтік бастамалары» және «Рухани жаңғыруда» мазмұндалған басымдылықтар мен елдің мақсаттарына толық сәйкес келгендіктен, Тұрақты даму саласындағы Мақсаттарды қолдайды.
37. 2018 жылғы 28 маусымда Елбасы - Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаев «Рухани жаңғыру» бағдарламасында дәстүрлер мен құндылықтар рөліне ерекше көңіл аударды. Осы Бағдарламаға сәйкес, қазіргі заманғы тәуелсіз Қазақстан өзінің ұлттық жаңғыру кезеңін бастан кешіріп отыр, Қазақстан жетпіс жылдық кеңес дәуірі кезеңінде дәстүрлермен «ескінің жұғындысы» ретінде күрескен болатын. Дегенмен ешқандай қоғамдық-саяси процестер қазақ халқының этникалық даралығы мен өзінің ұлттық болмысын көрсетуін күңгірттендіре алмады. Осыған орай ұлт тарихына, оның өзіндік ұлттық және мәдени тамырларына деген оң көзқарас заманауи қоғамның неке мен отбасы саласындағы ажырасу санының көбеюі, некеге тұрудың төмен саны және бала туудың азаюы және т.б ең өзекті мәселелерін шешуге қызмет етуі мүмкін.
38. Қазақстанда экзогамиялық кедергі көбінесе жетінші ұрпақпен шектелген және отбасылардың генетикасына жақсы әсер етеді. Жалпы алғанда, ғалымдар пікірінше, халықтың көп ғасырлық тәжірибесі мен дәстүрлерінен ең жақсысын сіңіріп алған қазақ халқының қазіргі заманғы отбасылық өмірі революцияға дейінгіден сапалы ерекшеленді. Бұл қазақ ұлтының әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси және мәдени өміріндегі іргелі өзгерістерді көрсетеді. Бұл қазақстандық ерлер мен әйелдердің ойлауын және олардың қарым-қатынастарын айтарлықтай өзгертті. Ұлттық дәстүрлер, салттар мен жоралардың көптеген

элементтері өзгертілген және жеңілдетілген болатын, ал кейбіреулері мүлде жоғалды.

39. Заңнама. Қазақстан Республикасының Конституциясы, ратификацияланған халықаралық келісімдер, қолданыстағы «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексі, «Ерлер мен әйелдердің тең құқықтарының және тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері» және «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» туралы заңдар. 2005 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен 2006-2016 жылдарға арналған гендерлік теңдік стратегиясы бекітіліп іске асырылды. 2016 жылы Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы қабылданып іске асырылуда. Жаңа құжатта қоғамымыз үшін аса маңызды сала – отбасылық саясатқа, атап айтқанда, отбасылық құндылықтардың сақталуы мен дамуына, отбасы абыройын арттыруға, сапалы ұрпақ өсіруге, отбасылық мәдениетті дамытуға, т.б. мәселелерге баса мән берілген.
40. Қазақстан әйелдер құқықтары мен гендерлік теңдік саласындағы мынадай негізгі халықаралық құжаттардың қатысушысы болды: Әйелдердің жағдайын жақсарту жөніндегі іс-қимылдардың Пекин платформасы (1995 ж.), БҰҰ Әйелдерге қатысты кемсітушіліктердің барлық нысандарын жою туралы конвенциясы (1998 ж.), Әйелдердің саяси құқықтары туралы (2000 ж.), Зайыпты әйелдің азаматтығы туралы конвенция (2000 ж.), ХЕҰ Құндылығы бірдей еңбек үшін еркектер мен әйелдерге бірдей сыйақы туралы № 151 Конвенциясы (2000 ж.), Әйелдерге қатысты кемсітушіліктердің барлық нысандарын жою туралы конвенциясына Факультативтік хаттама (2001 ж.). Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ) әлемнің көптеген елдері қолдарын қойған Мыңжылдық декларациясында (2000 жыл) ерлер мен әйелдер арасындағы теңдікті мақұлдау, әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту адами дамудың үшінші мыңжылдықтағы негізгі мақсаттарының біреуі ретінде анықталған.
41. **Өзекті стратегиялық және бағдарламалық құжаттар:**
- Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 - 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» № 205 Жарлығы.
 - Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 15 қаңтардағы «Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016 - 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» № 176 Жарлығы.
 - Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 23 қыркүйектегі «Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2013-2017 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы» № 648 Жарлығы.

- Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 1 тамыздағы «Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015 - 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» № 874 Жарлығы.

- Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 29 маусымдағы «Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011 - 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» № 110 Жарлығы.

42. Гендерлік теңдікке және отбасын қорғауға қатысты қолданыстағы ұлттық заңнама. Негізгілері болып табылады:

1) Қазақстан Республикасының Конституциясы.

2) Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексі.

3) Қазақстан Республикасының Еңбек туралы кодексі.

4) Қазақстан Республикасының Бюджеттік кодексі.

5) Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексі.

6) Қазақстан Республикасының «Ерлер мен әйелдердің тең құқықтарының және тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдігі туралы» Заңы.

7) Қазақстан Республикасының «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы» Заңы.

8) Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл туралы кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңы.

9) Қазақстан Республикасының «Ең төмен әлеуметтік стандарттар және олардың кепілдіктері туралы» Заңы.

10) Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы.

11) Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі туралы» Заңы.

12) Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі туралы» Заңы.

14) Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Заңы.

14) Қазақстан Республикасының «Дене шынықтыру және спорт туралы» Заңы.

15) Қазақстан Республикасының «Мәдениет туралы» Заңы.

16) Қазақстан Республикасының «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңы.

17) Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Заңы.

18) Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы мүгедектігі бойынша және асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы» Заңы.

19) Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы арнаулы мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы» Заңы.

20) Қазақстан Республикасының «Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы» Заңы.

21) Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы» Заңы.

22) Қазақстан Республикасының «Міндетті медициналық сақтандыру туралы» Заңы.

23) Қазақстан Республикасының «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» Заңы.

24) Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Заңы.

25) Қазақстан Республикасының «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Заңы.

43. Үкімет ана мен балаларды қолдаудың мемлекеттік бағдарламаларын іске асырады.
44. Қазақстан Республикасында 2030 жылға дейін отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасын пысықтау барысында белсенді жұмыс жүргізілетін болады. Қазақстандық тәсіл отбасының өз бетінше даму мүмкіндігін кеңейту және отбасылық қарым-қатынастарда гендерлік теңдікке қол жеткізу жолымен өмірлік қиын жағдайларды еңсере білу үшін мемлекеттің жағдай жасауын болжайды. Еңбек қатынастары саласында көпшілікке жария деңгейде ғана емес, сондай-ақ жеке отбасы ішінде де ерлер мен әйелдер арасында тең құқылы қарым-қатынастарды құру қажетті шарт болып табылады.
45. Алайда қазақ отбасында гендерлік стереотип ерлердің артықшылықтарына қолдау көрсетеді. Бұл ретте қазіргі жағдайда ата-ананың екеуі де өз балаларын тәрбиелеуге жауапты болуы тиіс. Сонымен қатар мәдени дәстүрлер мен рухани құндылықтардың, оның ішінде этномәдени бірегейліктің өркендеуін сақтау маңызды. Осылайша, отбасы жыныстардың теңдігі мен қаржылық әл-ауқаты үшін жауапты. Сондай-ақ, отбасы өзінің мәдени ерекшелігін сақтауға жауапты. Тек әйелдерді ғана емес, ерлерді де (әсіресе балаларды тәрбиелеп отырған жалғыз басты ер адамдарды) бірдей қолдау маңызды.
46. *Қазақ отбасындағы тіл.* Қазақ отбасыларындағы заманауи аналар өз балаларымен екі тілде (қазақ және орыс тілдерінде) сөйлейді. Жаңа ұрпаққа келер болсақ, жағдай жақсаруда. Қазіргі уақытта жастар қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде сөйлейді. Жас қазақ жігіттері мен қыздары 21 ғасырға дейінгі мәдени ерекшелікте өздерін жайлы сезінеді.
47. Қазақстанда кәмелетке толмағандар арасында өзін-өзі өлтірудің жоғары деңгейі бар. Жағдайға мұқият талдау жүргізу мақсатқа қойылып отыр. Балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алуда отбасы үлкен рөл атқаруы тиіс.

48.МЕКЕМЕ. 1995 жылы тарихи шешім қабылданып, Қазақстан Республикасы Президентінің жанынан Отбасы, әйелдер мәселелері және демографиялық саясат жөніндегі кеңес құрылды. Мемлекет басшысы өз жарлығымен 1998 жылы аталған Кеңесті Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы «Отбасы және әйелдер істері жөніндегі ұлттық комиссия» етіп қайта жасақтады. 1999 жылғы 4 наурызда комиссияның алғашқы құрамы бекітіліп, құқықтары мен өкілеттігі бұрынғы Кеңеске қарағанда әлдеқайда кеңейтілді, 2008 жылы комиссия атауына «отбасылық-демографиялық саясат» ұғымы енгізілді. Ұлттық комиссия бастапқы күннен мемлекеттік органдармен барлық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық мәселе бойынша тығыз жұмыс жүргізді.

ҚЫРҒЫЗСТАН

- 49.Қырғызстан Орталық Азиядағы бірінші болып парламенттік демократияны дамыту, парламентаризм принциптерін құру бағытын алды және демократияны одан әрі дамыту үшін барлық күш-жігерін жұмсайды. Мемлекет үшін күрделі өтпелі тарихи кезеңде әйел басшылықта тұрған, Қырғызстан халқы Қырғызстанның аймақтағы алғашқы және жалғыз ел екенің мақтан тұтады
- 50.БҰҰ әйелдер жағдайы жөніндегі комиссиясының 59-шы сессиясында Қырғыз Республикасы 2015 жылдан кейінгі кезеңге арналған тұрақты даму саласындағы күн тәртібіне және дамудың жетекші басымдықтарының бірі ретінде гендерлік теңдікті айқындауға қолдау білдірді.
- 51.Қырғызстан әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы Конвенцияны (ӘКЖК), Пекин іс-қимыл платформасын, Мыңжылдық даму мақсаттарын (МДМ) және жәрдемнің тиімділігі туралы Париж декларациясын қоса алғанда, 50-ден астам халықаралық пактіні ратификациялады. Қырғызстанның гендерлік теңдікке кепілдік беретін кең заңнамалық базасы бар. Азаматтық, қылмыстық, еңбек және отбасылық кодекстер ерлер мен әйелдер үшін тең құқықты жариялайды. 2013 жылы Қырғызстан Президенттің кеңсесі ұсынған 2013-2017 жылдарға арналған тұрақты даму бойынша "Жол картасын" бекітті. Бұл қадамдар гендерлік теңдікті қамтамасыз ету жөніндегі оның бірінші ұзақ мерзімді инновациялық стратегиясын (2012-2020 жылдары) және 2012 жылға арналған бастапқы ұлттық іс-қимыл жоспарын күшейтеді.
- 52.2013 жылғы ақпанда "БҰҰ-әйелдер" тарапынан белсенді насихаттау және Біріккен Ұлттар Ұйымының Орталық Азиядағы превентивті дипломатия жөніндегі Аймақтық орталығымен (БҰҰПДАО) және Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық Ұйымымен (ЕКЫҰ) ынтымақтастықта Қырғызстан БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің 1325 Қарары бойынша ұлттық іс-қимыл жоспарын

қабылдады, БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің алты қолдаушы қарарымен бірге-1820, 1888, 1889, 1960, 2106 және 2122-БҰҰ-ның әйелдер құқықтарына қатысты міндеттемелер сериясының бөлігі болып табылады. Бұл бағдарламалық құжаттар Қырғыз Республикасындағы гендерлік теңдікке жаңа көзқарас ұсынады.

53. Қырғызстан Конституциясында Қырғызстан Республикасында ерлер және әйелдерде тең құқықтары және еркіндіктері, оларды жүзеге асыруға арналған тең мүмкіншіліктері бар деген қағидат бекітілген. Қырғыз Республикасының «Қырғыз Республикасының Президентін сайлау және Қырғыз Республикасының Жогорку Кенеш депутаттары туралы» Конституциялық Заңы саяси партия кандидаттар тізімін анықтағанда өкілдікті ескеруге міндетті норманы қарастырады: бір жыныстың кандидаттары 70 пайыздан астам емес, онымен бірге саяси партиялар ұсынған әйелдер және еркектер кандидаттар тізіміндегі кезектілік айырмашылығы үш жайғасуымнан аспауы қажет; Қырғызстанда әйелдер мен ерлерге кейбір мемлекеттік органдарда өкілдікті (бір жыныстағы тұлғалардың 70%-нан астам емес) қамтамасыз етудің арнайы шаралары заңнамалық негізде қолданылады: Жогорку Кенеш депутаттары, ОАК, қалалық кенештер депутаттары, Санақ палата аудиторлары, Жоғары сот судьялары, Жоғары соттың Конституциялық палатасы, Омбудсмен орынбасарлары (Акыйкатчы) құрамында. Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылыққа жол бермеу мақсатында Қырғыз Республикасында іс-әрекеттердің кең спектрі өткізілді. Қырғыз Республикасының гендерлік теңдікке жетудің Іс-әрекеттердің ұлттық жоспарының басымды бағыттарының бірі болып әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықты төмендету бойынша жұмыс белгіленген. Заңнамалық базаны жетілдіруге арналған шарлар қолданылды. Қырғыз Республикасының «Отбасыны сақтау және зорлық-зомбылықтан қорғау туралы» Заңының екінші редакциясы қабылданды, зорлық-зомбылықтың алуан түрлерінің таралу ауқымдығын анықтау және қолданылатын шаралардың тиімділігін бағалау үшін зерттеулер жүргізілді; статистикалық есептіліктің жаңа нысандарының жобалары әзірленді; баспа БАҚ-да ақпараттық материалдар топтамалары жарияланды; деректі фильмдер шығарылыды, бірнеше ондық әртүрлі радио және телебағдарламалар дайындалды; сот жүйесі, құқық сақтау органдары, жергілікті өзін өзі басқару органдар қызметкерлері мен азаматтардың басқа топтары арасында гендерлік зорлық-зомбылық мәселесі жөніндегі хабардар болушылықты жоғарлатуға арналған бірқатар ақпараттық іс-шаралар өткізілді; зорлық-зомбылық құрбандарымен жұмыс істеу бойынша және мәселенің алдын алу бойынша оқу және әдістемелік буклеттер әзірленді және жарияланды; бірнеше дағдарыс орталықтарына үй-жайлар бөлінді және коммуналдық төлемдер ақысы үшін

жеңілдіктер берілді; зорлық-зомбылық құрбандарына іс-жүзінде көмек көрсетілді және көптеген басқасы. Қырғыз Республикасы Жоғорку Кенешінің Әлеуметтік мәселелер, білім беру, ғылым, мәдениет және денсаулық сақтау комитеті жанындағы екінші шақырылымда адамдарды сатумен күрес саласындағы заңнаманың орындалуын бақылау бойынша жұмыс тобы жұмыс атқарады. Жыл сайын «Адамдарды сатудың алдын алу және онымен күрес туралы» Заңына мониторинг жүргізіледі. Мониторингтеу қорытындыларына сәйкес Үкіметке сәйкестендіру әзірлеу және адамдарды сату құрбандарын қайта бағыттау механизмдерін әзірлеу тапсырылды.

54. Гендерлік теңдіктің маңыздылығын түсіне отырып, Қырғызстан тәуелсіздік жылдары әйелдер құқықтарын қорғау жөніндегі бірқатар негізгі халықаралық құжаттарды ратификациялады. Ратификациялау үдерісі әйелдердің жағдайын жақсарту мақсатында ұлттық заңнамаға халықаралық құқықты енгізу үшін негіз болды.

55. Өзінің халықаралық және Ұлттық міндеттемелерін сақтай отырып, Қырғызстан әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы Конвенцияны іске асыру туралы БҰҰ-ның әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық нысандарын жою жөніндегі Комитетіне үнемі мерзімді баяндамаларды ұсынады және 2015 жылғы ақпанда Төртінші баяндаманы табысты қорғады.

